

№29 «Ай-Керім»



Бекітемін:

Қолың менгерушісі
Ейдалиева К.К.

Мерекелік ертеңгілік
«Шатасқан ертегі»
«Бәйтерек» ересек тобы



Тәрбиешілер:

Тажиева Г.О.
Сабденова Г.Қ.

Музыка жетекшісі:

Саулимбаева А.

Шымкент, 2022

Шатасқан ертегілер

Балалардың әсем бимен кіруі.

Тәр: -Сәлеметсіздер ме қонақтар.

Жүректерге ұялатып жаңа арман.

Міне келді жап-жаңа жыл шаттық құрған.

Бүлдіршіндер құттықтайды баршаңызды,

Бәйтеректей тобымызда тәрбие алған.

Ал балалар ендеше өз өнерімізді көрсетейік. Жаңа жылдық мереке арнаған әнімізді айтайық.

ӘН:

Залға **түлкі** келеді: -Сәлеметсіңдер ме балалар? Қалдарың қалай. Ойй сендер әдемі болып киініп алып мұнда не істеп жүрсіңдер.

Балалардың жауаптары.

Түлкі: - Ал мен болсам қоянды іздеп жүрмін. Оның үйшігін тартып алған едім, естерінде ме? Балалар ол қандай ертегі еді? Ияя дұрыс айтасыңдар. Қоянның үйшігі деген ертегі болатын. Сол қоян жоқ болып кетті. Сендер қоянды көрмедіңдер ме?

Балалардың жауаптары.

Тәр: -Түлкі сен бізді алдап тұрған жоқсың ба? Ол қоянды өзің жеп қойған жоқсың ба? Біз мұнда аяз атаның келуіне дайындалып жатырмыз. Бекерге миымызды ашытпа.

Түлкі: -Жоға мен алдап тұрған жоқпын. Ендеше мен де сендермен бірге аяз атаны күтейін. Сол ата білетін шығар. Қоянның қайда екенін.

Тәр: -Жарайды. Аяз ата келгенше қонақтарға тақпақтарымызды айтып берейік.

Тақпақтар:

Жантөре

Жоғалыпты қолғабым,
Тыз-тыз етті қолдарым
Сорып аяз тастады,
Естен кетпес тоңғаным.
Қолғаптық жіп шығарып,
Тоқыды әжем біз алып
Мен отырмын ұяттан
Тоңғандай боп қызарып.

Әсет Раяна

Тауда туып, тауда өскен,
Шырша келді ортаға.
Бәріміз бір дауыспен
Дейік енді шыршаға
«Қуант бізді, таңырқат,
Шамдарыңды жарқырат!»

Осман

Тағып алып коньки біз
Көкше мұзда қалқимыз
Қызған сайын денеміз
Қиғаш қиғаш тебеміз.

Данай

Лебі мұздай ызғарлы
Алып келді қыс қарды
Қысқа түндер ұзарды,
Ұзақ күндер қысқарды.

Әниә

Снег идет, снег идет,
Значит скоро Новый год.
Дед Мороз к нам придет,
Всем подарки принесет.

Алдияр

Праздник мы встречаем
Ёлку наряжаем
Вешаем игрушки,
Шарики, хлопушки.

Айлуна

Қане, досым
Әнге қосыл
Әнге қосыл, қалыспа!
Қол ұстасып, құшақтасып,
Үйренейік жаңа жыр.
Құтты болсын!
Құтты болсын!
Құтты болсын, Жаңа жыл!

Арсен

Жапалақтап әппақ қар
Жауады күнде қайталап
Қырға шықты балалар
Шаналарын арқалап.

Айқаракөз

Орала ма ол енді?
Айтар едім өлеңді
Жылдамырақ келсе екен

Бізге ойыншық берсе екен.

Қасқыр келеді: - Ой қалдарың қалай балалар. Әдемі болып кетіпсіңдер ғой.

Сендер қоянды көрмедіңдер ме? Бауырсақ ертегісіндегі ата мен әже мені ауылға жақындатпай жатыр. Бауырсақты сен жедің деп. Балалар бауырсақты мен жемедім ғой я. Бауырсақ менен қашып кетті емес пе? Сол бауырсақты қоян жеген шығар деп қоянды іздеп келдім. Бірақ қоян жоғалып кетті.

Балалардың жауаптары: -Бауырсақты түлкі жеп қойған.

Қасқыр: -ААА сен бедің балем. Жаңа сұрағынымда маған қоян жеді деген едің ғой. Алдаған екенсің ғой. Енді менен қашып кете алмайсың. Терінді сыпырып Ормаға іліп қоямын. Етіңнен сорпа жасаймын.

Түлкі: -Аййй құтқарыңдар деп қаша жөнеледі. Мен ол ертегідегі түлкі емеспін ғой.

Тәр: -Қасқыр, түлкі мұнда біздің кішкентай балаларымыз бар. Аяз атаны күтіп, мереке тойлауға келген. Біз сендерге мерекені бұзуға жол бермейміз.

Қасқыр: -Аяз ата деген кім?

Балалардың жауаптары.

Тәр: -Аяз ата деген жаңа жылдың жаршысы болған сиқыршы атай. Ол келсе сендердің мына қылықтарыңды көрсе сиқырлап тастайды. Жыланға айналдырып тастайды.

Қасқыр: -Жо-жо-жоқ. Керек емес мен жыландарды сондай жаман көремін.

Балалар ол аяз атаның түрі қандай болады. Үстіне не киіп алған?

Балалардың жауаптары.

Қасқыр: -Ендеше ол ата нені жақсы көреді.

Балалардың жауаптары.

Қасқыр: -Ал сендердің қандай өнерлерің бар?

Тәр: -Ендеше тамашалайық.

БИ: «Қуыршақтар»

Қасқыр: -Қане енді аяз аталарың? Келмеді ғой.

Тәр: -Шынында да балалар. Аяз ата неге келмей жатыр екен. Қане бәріміз дауыстап шақырайықшы. Ақшақарды да шақырайық.

Аяз ата, ақшақар. Аяз ата, ақшақар.

Аяз ата мен ақшақар келеді: -ОООО амансыңдар ма ұлдарым, амансыңдар ма қыздарым. Баршаға жаңа кіріп келген жаңа қоян жылы құтты болсын. Әр отбасынна бақыт, шаттық әкелсін. Балаларым амансыңдар ма? Мені күтіп қалған боларсыңдар. Мен сендерге сыйлық дайындаймын деп жүріп қалдым. Сыйлығым өте көп. Ал өнерлеріңді көрсетуге дайынсыңдар ма?

Тәр: -Аяз ата, ақшақар қош келдіңіздер. Төрлетіңіздер. Біздің балалардың өзіңізге арнап жаттаған тақпақтарын тыңдаңыздар.

Тақпақтар.

Қарақат

Билейміз де ойнаймыз

Балгын балгын ұл қыздар

Жаңа жылда жинаймыз

Жарқын жарқын жұлдыздар.

Едіге

Аяз ата жол салып
Ақ боранмен алысқан
Балаларға базарлық
Алып келді алыстан.

Қойлыбай Айару

Қыс қызығы тамаша
Ойнаймыз біз таласа
Думанымыз жалғассын
Жаңа жылға тамаша!

Мерей

Жаңа жыл, Жаңа жыл!
Жаңа жылда жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр.

Сезім

Жаңа жылда жаңаша
Өлең тақпақ айтамыз
Болсын риза балаша
Әппақ Аяз атамыз.

Әмина

Жаңа жылда біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз.
Өлең де әзір, ән әзір
Ойын да әзір-бәрі әзір,
Кел, Жаңа жыл біздерге
Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл.

Қасымбек Айару

Қыс келді, қыс келді
Ақтарып ақ қарды.
Жол аппақ түске енді
Аралап қайтайық,
Ақ күміс бақтарды.

Түлкі: -Аяз ата мен сізді көргеніме қуаныштымын. Көңіл күйіңіз жақсы ма?

Аяз ата: -ОУ түлкіжан сен мұнда жүр екенсің ғой. Ешқандай қулық жасаған жоқсың ба? Балалар мына түлкі сендерді алдаған жоқ па? Жаңа жыл қоян

жылын әбден ренжіткен екен. Қазір мұз сарайында қоян дайындалып жатыр.
Қазір келіп қалады.

Балалардың жауаптары.

Түлкі: -Аяз ата мені сиқырлап тастамаңызшы. Қояннан кешірім сұраймын деп іздеп жүр едім. Мына балаларға кезіктім. Өздері өнерлі екен.

Тәр: -Аяз ата түлкі дұрыс айтады. Біздің балаларымыз сізді көп күтті. Өнерлерін дайындады. Келіңіз ендеше балаларымыздың өнерін тамашалаңыздар.

БИ: «Аяз аталар»

Ойын: «Сиқырлы таяқша»

Шарты: Аяз ата мен ақшақар аяз атаның таяғын музыка ырғағымен төмен түсіріп жүреді. Балалар таяққа денелерін тигізбей өтуі керек. Таяққа денесі тиген бала ойыннан шығып шеңбердің ішінде билеуі керек.

Тақпақтар:

Айбар

Жасыл желек жамылған
Асыл моншақ тағынған.
Міне сұлу шыршамыз
Көптен күтіп сағынған.
Кел балалар, келіңдер
Тамашаны көріңдер.

Алуа

Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болады катады
Жып-жылтыр боп жатады.

Мансұр

Жаңа жылда жаңаша
Тақпарды айтамыз.
Болсын риза балаша,
Аппақ аяз атамыз.

Арайлым

Тамаша, тамаша.
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Арнұр

Сақалы аппақ күмістей





